

Нұржанова А.¹, Нұрлыбай А.²,

Сүлеймен Демирел атындағы Университеттің
¹қауымдастырылған профессоры, ф. ф. к., ²магистранты, Қазақстан, Қаскелен к.,
e-mail: aiym_jan21@mail.ru

ҚАЗАҚ ТІЛІН ШЕТ ТІЛІ РЕТІНДЕ ОҚЫТУ ӘДІСТЕМЕСІНІҢ ҚАЗІРГІ ЖАЙ-КҮЙІ

Мақалада қазақ тілін шет тілі ретінде оқыту әдістемесі қарастырылған. Ғылыми айналымдағы әдістер мен ыңғайлардың қатарындағы маңыздылары мен танымалдары туралы әңгімеленген. Әр әдістің артықшылықтары мен танымалдылығы туралы сөз етіледі. Қазіргі кезде тілді оқытудың әдістемесі ерекше бай мазмұнымен көзге түседі. Қазақ тілін шет тілі ретінде оқыту барысында тиімді әрі оңтайлы әдістерді таңдай білу жұмыстың нәтижесін арттыра түседі. Тілді меңгерту деңгейін арттыруға әртүрлі факторлардың әсер ететіндігі белгілі. Оқытушы білім беру бағдарламасын құру барысында менталдық ерекшеліктерді, тіл құрылымын, өзге сыртқы лингвистикалық факторларды ескеруі тиіс.

Шет тілін оқыту барысында ақпараттық-инновациялық технологияларды қолдану оқыту әдістеріне жаңа даму қарқынын үстейді. Өйткені жеке компьютерлер мен ғаламтор желісінің пайда болуымен, білім беру жүйесі сапалы деңгейге көтерілді. Дегенмен, қолданыстағы мол технологиялардың қатарынан тілді оқыту барысында тиімді нәтиже беретін технологияларды таңдай білу шет тілін оқытумен айналысатын мекемелер мен педагогтердің міндетіне айналуы тиіс.

Түйін сөздер: қазақ тілі, шет тілі, әдістеме, ыңғай, ақпараттық-инновациялық технологиялар.

Nurzhanova A.¹, Nurlibay A.²,

¹Candidate of Science, associate professor, ²graduate student of S. Demirel university,
Kazakhstan, Kaskelen, e-mail: aiym_jan21@mail.ru

Modern approaches to the study of the Kazakh language as a foreign language

The article discusses the methodology of teaching Kazakh as a foreign language. It tells about the significant and common methods and approaches that are used in scientific papers. The advantages and fame of each method are also discussed. At present, the methods of teaching language are particularly rich in content. In particular, the ability to choose the right and appropriate method increases the efficiency of the language learning process. It is known that various factors influence the improvement of language learning. During the formation of the curriculum, the teacher should take into account the mental characteristics of students, the structure of the language being studied, and other external linguistic factors.

The use of information-innovative technologies while learning a foreign language has given a new life to teaching methods. With the advent of personal computers and the Internet, the educational environment has risen to a new level of development. But we believe that the right choice of the appropriate technology in learning the language among many different new technologies is a new task of the educational institution and teacher.

Key words: Kazakh language, foreign language, methodology, approach, information-innovative technologies.

Нуржанова А.¹, Нурлыбай А.²,

¹к.ф.н., ассоциированный профессор, ²магистрант Университета имени С. Демиреля,
Казахстан, г. Каскелен, e-mail: aiym_jan21@mail.ru

Современные подходы к изучению казахского языка как иностранного языка

В статье рассматривается методика преподавания казахского языка как иностранного. Рассказывается о значимых и распространенных методах и подходах, которые используются в научных работах. Также обсуждаются преимущества и известность каждого метода. В настоящее время методика преподавания языка отличается особым богатым содержанием. В частности, умение выбирать правильный и подходящий метод повышает эффективность процесса изучения языка. Известно, что на улучшение уровня освоения языка влияют разные факторы. Во время формирования учебной программы педагогом должны учитываться ментальные особенности обучающихся, структура изучаемого языка, другие внешние лингвистические факторы.

Применение информационно-инновационных технологий во время обучения иностранному языку дал новую жизнь методам обучения. С появлением персональных компьютеров и сети интернет образовательная среда поднялась на новый уровень развития. Но, считаем, что правильный выбор подходящей технологии в изучении языка среди множества разных новых технологий является новой задачей учреждения образования и педагога.

Ключевые слова: казахский язык, иностранный язык, методика, подход, информационно-инновационные технологии.

Кіріспе

Қазақстанның Ел бірлігі доктринасында (Kazakhstanyn el birligi doktrinasы, 2010) мемлекеттік тілді дамытуға және оның аясын кеңейтуге ұлт бірлігін нығайтатын фактор ретінде басымдық берілді. Қазақ тілі негізгі басымдық, рухани және ұлттық бірліктің басты факторы ретінде анықталды. Оны меңгеру әр қазақстандықтың борышы әрі міндеті, қоғамдық өмірге белсенді қатысуға және жеке бәсекеге қабілеттілікке стимул беретін құралға айналуы тиіс. Қазақстан Республикасында тілдерді дамыту мен қолданудың 2011-2020 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасында мемлекеттік тілді меңгерген тұрғындардың үлесін 2020 жылға қарай 90 пайызға (2017 жылға қарай – 80%.) жеткізу (Kazakhstan Respublikasynda tilderdi damytu men koldanudyn 2011-2020 zhyldarga arналған мемлекеттік бағдарламасы, 2011) жоспарланған. Осы мақсаттарға жету барысында қазақ тілін оқыту үдерісін жаңа әдістемелерге құрып, жаңа технологияларды қолдануға ұмтылу заңдылыққа айналып отыр. Қолданыстағы әдістемелер мен инновациялық компьютерлік технологиялардың молдығы тілді оқытудың ыңғайын еркін таңдауға мүмкіндік береді.

Эксперимент

Осы орайда, «Жаһандану және білім: қазақ тілін оқытудың жаңа бағыттары» мақаласындағы

профессор Ж.Т. Дәулетбекованың әлемдік тәжірибе мен ғылыми ізденістерінің нәтижелеріне сүйеніп, қазақ тілін оқытуда мына мәселелерге назар аудару қажеттілігі туралы айтқан ойын келтіруді орынды деп таптық. Ғалымның айтуы бойынша, біріншіден, қазақ тілін оқытуды мемлекеттің даму стратегиясымен бірлікте қарау қажет. Тәуелсіз мемлекетіміз бәсекелестікке бейім елге айналуы мақсат еткендіктен, қазақ тілін оқыту жүйесі де бәсекеге бейім тұлға қалыптастыруға ден қоюы тиіс. Тілді меңгерту үдерісін ұлттық мүддемен жақындастыру ғана тілдік білімнің мемлекет дамуындағы стратегиялық рөлін күшейтеді, оның көптілді меңгерген тұлға дайындаудағы мәнін тереңдетеді, рөлін күшейтеді. Екіншіден, тілді оқытуды белгілі бір пәндік дағдыларға емес, білім алушының тұлғалық қабілеттерін дамытуға бағыттау. Мұнда қазақ тілін оқытудағы инновациялық серпілістің өзегінде бүкіл оқытудың әдістемелік жүйесін бірдей өзгерту қажеттігі күн тәртібіне қойылуы тиіс. Қазақ тілін оқытуда да тұлғаның интеллектуалдық әлеуетін арттыруға басымдылық беру қажет. Себебі тұлға мәдениеті белгілі бір пәндік дағдыларға емес, мәдени санаға негізделеді. Үшіншіден, тілді оқытуда жеткіншек ұрпақтың функционалдық сауаттылығын қалыптастыруға басымдылық беру. Мұндай нәтижеге қол жеткізу білім білім үшін емес, білім білік қалыптастыру үшін берілгенде мүмкін болады. Бұл тенденцияның түпкі негізінде қазақ тілін грамматиканың «бұғауынан босатып», оны оқытудың коммуни-

кативтік бағытын күшейту мәселесі жатыр. Төртіншіден, қазақ тілін оқыту үдерісінде білім алушыны әрекет субъектісі деп танитын антропоэлектік парадигманы басшылыққа алу. Бұл білім алушының өз өміріндегі тілдің, сөздің мәнін түсіну, сөйлеуге үйренудің тәсілдерін, амалдары мен жолдарын саналы игеру арқылы жүзеге асады. Бесіншіден, тілді оқыту жүйесіне енгізілетін инновациялардың ұлттық дәстүрлер мен ұлттық негіздерге қайшы келмеуі. Бұл орайда жаңа заманғы тілдік білім жүйесін ұлттық мүдде мен жалпыадамзаттық құндылықтардың бірлігіне негіздеу қажеттігі туындайды. Алтыншыдан, қазақ тілін оқытуда білім мен ғылымның интеграциясын жүзеге асыру. Ғылым – ғаламды танудың кілті. Мектептегі әрбір пән өзіне сәйкес ғылым дамуына сай мазмұндық тұрғыда жетілдіріліп отыруы шарт. Өйткені білім мазмұнын жетілдіруде ескерілетін басты фактор ғылым дамуы болып саналады. Жетіншіден, тілді ұлт болашағы жастардың мәдени иммунитетін қалыптастырудың тетігі ретінде оқыту (Dauletbekova, 2016: 20).

XXI ғасырда білім беру үдерісінің қарқыны мен модернизациясы адамды шығармашылық зияткерлік және эмоционалды деңгейде тәрбиелеуге бағытталған инновациялық технологияларды енгізуді қажет етеді. Аталмыш технологиялар оқытуды, жоспарлауды, мәселелік білім беруді, жіктеу деңгейін, тестілік жүйені, ойын негізінде оқытуды және өзге мәдениетке енгізуді, ұжымдық оқытудың ақпараттық-коммуникациялық және тұлғалық-бағытталған технологияларын дамыта түседі. Осы тұрғыдан келгенде танымдық әрекеттер білім беру стандартының жетекші құрамдас бөлігі ретінде анықталады (Yeshimbetova, 2017: 220).

Қолданыстағы оқыту әдістемесіне шолу жасасақ, шет тілдерін үйретудің ыңғайларының, әдістері мен тәсілдерінің, оқу құралдарының көп екендігіне көз жеткіземіз. Тілді әр сала бойынша оқыту тәжірибесі де жетерлік, яғни үйренуші тілді белгілі сала бойына ғана меңгереді, сол бағытта қолданылатын тілдік бірліктерді жадына сақтайды. Өртүрлі әдістеме негізінде тілді оқытудың іргелі, лингвоәлеуметтік-мәдени, коммуникативтік, эмоционалды мағыналық, қарқынды ыңғайлары қолданысқа енгізілді. Оқу үдерісінің мазмұнына компьютерлік технологияларды енгізу көрсеткішіне және білім беру үдерісі қатысушыларының өзара қарым-қатынасына сай бірнеше білім беру модельдері қалыптасқан. Алғашқысы, дәстүрлі оқыту. Ақпараттық технологиялар (карточкалар, плакаттар және т.б.)

қолданылғанымен, инновациялық компьютерлік технологиялар пайдаланылмайды. Оқыту толықтай үдеріс субъектілерінің қатысуымен жүргізіледі. Екіншісі, желілік қолдауға ие дәстүрлі оқыту. Курстың 1-30 пайызы ғаламтор желісі арқылы жүргізіледі. Кейінгі модель – аралас оқыту. Оқыту үдерісінің 30-80 пайызы желі арқылы жүргізіледі. Мұғалім пассив, бағыттаушы ғана қызмет атқарады. Сондай-ақ, соңғы кездері толықтай қашықтықтан оқыту моделі жиі қолданылуда. Оқу үдерісінің 80 пайыздан астамы желі арқылы құрылады. Қазақ тілін оқыту барысында аталмыш ыңғайлар мен модельдердің барлығы пайдаланылады әрі нәтижесін беруде. Әрқайсысына қысқаша тоқталып өтейік.

Нәтиже мен талқы

Дәстүрлі түрде оқытуды көздейтін іргелі әдістемені кейде классикалық деп те атайды. Оның негізінде тілді, оның барлық құрамдас бөлігін қарым-қатынастың шынайы әрі толыққанды құралы ретінде ұғыну жатыр. Сабақ мұғалімнің қатысуымен жүргізіледі. Ол орталық қызмет атқарады әрі үнемі тіл иесі бола бермеуі мүмкін. Осы тұрғыда, шет тілінің иесі болып табылмайтын мұғалімнің өз артықшылықтарын айта кетейік. Екі тілді де меңгерген тұлға ретінде тілдік құрылымдарды салыстырып, оқу материалын үйренушінің танымына сәйкестендіріп таңдауға, мүмкін болатын қателердің алдын алуға мұғалім қабілетті. Екі мәдениет аясында ойланып, білім алушыға лайықты білім жинағын жеткізе алатын оқытушының білім беру жүйесінде орны ерекше. Тілде сақталған мәдени кодтарды ашып, түсіндіру, оны тіл оқудағы маңызды құрал әрі тартымды, есте қаларлық мысал ретінде көрсету мұғалімге жүктеледі. Қазақ тілін оқыту ісі көп жылдар бойы дәстүрлі ыңғай аясында жүргізілді. Оған мектептегі оқу бағдарламалары дәлел бола алады.

Шет тілін оқытудың келесі ыңғайы ретінде лингвоәлеуметтік-мәдени әдіс мәдени және әлеуметтік орта ретіндегі құрамдас бөлікке бағытталады. Аталмыш әдістің ұстанушылары үйренуші мен үйретуші тек лингвограмматикалық формаларды меңгеруді мақсат тұтқан кезде тіл өміршеңдігінен айрылады деп есептейді. Лингвоәлеуметтік-мәдени оқытуды ана тілі мен шет тілі арқылы әлемдік мәдениетке енгізудің мақсатты үдерісі ретінде ұғынамыз, тіл арнайы білімге, әр елдің мәдени-тарихи және әлеуметтік тәжірибесін меңгерудің

құралы ретінде пайдаланылады. Әлеуметтік-мәдени әдіс тілдік құрылымды (грамматика, лексика және т.б.) тілдік емес факторлармен біріктіреді. Оқытудың осы ыңғайы көптілді, лингвоәлеуметтік-мәдени күзіретті тұлғаны қалыптастырады. Бірнеше тілді лингвомәдени тұрғыда меңгерген күзіретті тұлға ұлтаралық коммуникация кезінде сөйлеудің дұрыс моделін құруға қабілетті. Осы тұрғыдан келгенде, оқыту тіл, тәрбие, бейвербалды үдерістер үштігін меңгеруді болжайды. Қазақ тілін арнайы білімге қол жеткізудің тәсілі, қазақ мәдениетіне, өркениетіне жалпы адамзаттық құндылықтың құрамдас бөлігі ретінде қатынас қалыптастыру білім берудің гуманистік парадигмасына құрылған Қазақстандық білім беру жүйесі үшін маңыздылыққа ие.

Танымал әдістемелер қатарында коммуникативтік әдістің беделі жоғары. Ол қарым-қатынас жасай білу мүмкіндігіне құрылады. Әдістеменің нысаны – тірі, сөйленістегі тіл. Ол білім алушының ерекше белсенділігін қажет етеді (Aliarova, Khalenova, Makhazkanova, 2015: 215). Коммуникативтік әдістің табиғаты қарым-қатынастың табиғи жағдайын қалыптастыруда. Осылайша, диалог құру үшін білім алушы алынған білімді практикада қолдануға мүмкіндік алады. Оның басымдығы ретінде жаттығулардың көптігін айтуға болады, рөлдік ойындар, диалогтер, шынайы коммуникацияны туындату тәсілдері қолданылады (Domashnev, 1983: 85]. Коммуникативтілік ұстанымы кез келген шет тілін оқытуда жетекшілікке ие. Ол оқыту үдерісін қарым-қатынастың шынайы формасына мейлінше жақындатуға мүмкіндік береді. Коммуникативтік оқыту идеясын жүзеге асыру тандем-әдісі мен «S.G.» («Les simulations globales») әдісін қолдану нәтижесінде жүзеге асады. 1960 жылдары Германияда пайда болған (неміс және француз жастарының кездесулерінің нәтижесінде) тандем әдісі аясында жұмыстың екі негізгі формасы қалыптасты: жеке және ұжымдық. Тандем әдісі – жұп болып жұмыс жасайтын әртүрлі тіл иелерінің оқу материалын өзбетімен меңгеру тәсілі (Bogomolov, 2008: 34). Тандемнің мақсаты – шынайы немесе виртуалды қарым-қатынас жағдайында жұбының ана тілін меңгеру, оның тұлғалық қабілеттерімен, туған елінің мәдениетімен танысу, сондай-ақ қызықты сала бойынша ақпарат алу (Tambovkina, 2003: 13). Аталмыш әдіс екіжақтылық және автономдылық ұстанымдарына негізделеді. Тандемнің әр қатысушысы өзіндік пайда алады, бірдей уақыт

жоғалтып, бірдей күш жұмсайды. Автономдылық ұстанымы тандемнің әр қатысушысының жеке жауапкершілігін талап етеді. Өйткені белгілі мақсат пен мазмұнды, құралды таңдағаны үшін тандем мүшесі жауап береді.

«S.G.» немесе «Les simulations globales» – XX ғасырдың соңында Францияда пайда болған шет тілін оқудың әдісі. «Simulation» – шынайы жағдайға мейлінше жақындатылған және коммуникативтік міндет немесе мәселе түрткі болған жағдайдағы білім алушылардың сөйлеу қызметі үйренуші тұлғаның фактілер мен жағдайларға жеке қарым-қатынасын талап етеді (Babinskaia, Leonteva, Andreasian, 2005: 181). «Ойдан шығарылған жағдайлардың» мазмұны қиын әрі толық болады. Өйткені ол рөлдік қарым-қатынастың болуын және бірнеше эпизодтың орын алуын қажет етеді. «Simulation globale» әдісі аудиторияны өзге орындарға айналдырады. Мысалы, қатысушылар, ресторандағы, қонақүйдегі, демалыс кезіндегі және т.б. жағдайларды ойлап, сол оқиғалар негізінде коммуникация құруы мүмкін. Сонымен, «Simulation» белгілі жағдайда қандай да бір мәселені шешіп, шешім шығаруды қажет ететін тұлғааралық коммуникацияға құрылады. Коммуникативтік ыңғайға негізделген аталмыш әдістер қазақ тілін жеке, шағын курстарда оқыту барысында жиі қолданылады. Өйткені жеке курстарда қазақ тілі бойынша академиялық, лингвомәдени білімнен гөрі коммуникативтік дағдыларды қалыптастыруды қажет ететін тұлғалар білім алады. Көрсетілген әдістер оқыту үдерісін тірі әрі қарқынды формада жүргізуге мүмкіндік береді.

XX ғасырдың 60 жылдары ресейлік лингвист И.Ю. Шехтер мына кереғарлыққа мән береді: дәстүрлі педагогикада тілді грамматикалық тізбекпен үйретеді. Яғни, лексикалық бірліктер меңгерілген соң грамматикалық құрылымдар туралы әңгімеленеді. Бірақ оқыту үдерісі барлық жағдайда қалаған нәтиже бермейді. Ал бала алғаш сөйлеп бастаған кезде тіл үйренудің бұл тізбегін сақтамайды. Эмоционалды еліктеу деңгейінде өз тілінде сөйлей бастайды, тіптен, ересек кезінде де адам ана тілінде сөйлеу барысында грамматикалық ережелер туралы ойлана бермейді. Бірақ барлық бала өз тілін меңгеріп өседі. Ғалымның осы ойы ғылыми ортада үлкен қызығушылық туындатып, тілді оқытудың эмоционалды мағыналық ыңғайы қалыптасады. Оған сай шет тілдері оқыту үдерісі жағдайында оқытылмайды, өмірлік

жағдайлар барысында меңгеріледі. Тілдің басты мақсаты бір-бірімен қарым-қатынасқа түскісі келетін тұлғаларды біріктіру болса, шет тілінде сөйлеу үшін де сол тілде қарым-қатынас жасау қажеттілігін туындату қажет. Қазақ тілін оқытуда осы ыңғайды пайдалану мүмкіндігі күн санап артуда. Өйткені жаппай урбанизация мен қазақиландыру саясатының арқасында қазақ тілді халықтың саны артып келеді. Оны тілдік саясат мәселесін зерттеумен айналысып жүрген ғалымдар бірауыздан мойындап жүр. Қазақ тілді тұрғындардың санының артуы ел жағдайында қазақ тілін шет тіл ретінде меңгеріп жүрген тұлғаларға шынайы тілдік орта туындатады. Бұл қазақ тілін эмоционалды мағыналық деңгейде (ыңғайда) меңгертуге жағдай жасайды.

Тілді оқытудың қарқынды ыңғайы психологиямен байланыста пайда болды. Шет тілін қарқынды оқыту үдерісі дұрыс жүргізілген кезде барлық танымдық үдерістер, адам миының мотивациялық және эмоционалдық әрекеттерге жауап беретін бөліктері белсенді жұмыс жасай бастайды. Бұл аз уақыт аралығында тілді басынан меңгеруге және бұрын оқылып, ұмытылған тілдік білімді жаңғыртуға мүмкіндік береді. Оқыту үдерісінде аталмыш ыңғайды пайдалану кез келген жағдайда оң нәтиже бере бермеуі мүмкін. Ол тіл үйренушінің жеке тілдік қабілетімен, мотивациялық қажеттілігімен тығыз байланысты. Қазақ тілін оқыту барысында қарқынды ыңғайды пайдалану жаппай оқыту кезінде емес, жекелеген жағдайларда ғана мүмкін деп ойлаймыз. Өйткені ол уақытша эффект беруі мүмкін.

Тілді оқытуды ұлттық модельге құрудың басымдықтары бар екені анық, бірақ мемлекеттік тілді шет тілі ретінде оқыту кезінде оқудың мазмұнынан гөрі инновациялық-педагогикалық

технологияларға сүйеніп, оқыту үдерісін жүргізу барысы маңыздылыққа ие.

Бүгінгі таңда қозғалып жатқан ең өзекті мәселелердің қатарында білім беру жүйесіне жаңа электрондық технологияны енгізу, халықаралық коммуникациялық желілерге шығу, білім беруде ақпараттық технологияларды қолдану, жетістіктері мен жеке тұлғаларды қалыптастыру және қазіргі заман талабына сай білім алуға қажетті жағдай жасау аталады. Білім берудің жаңа жүйесі жасалып, оның мазмұнының түбегейлі өзгеруі, дүниежүзілік білім кеңістігіне енуі бүкіл оқу-әдістемелік жүйеге, оқытушылар алдына жаңа талаптар мен міндеттер қойып отыр (Mizanbaieva, Zhunisova, 2014).

Қорытынды

Осы орайда, А.А. Вербицкаяның «қазіргі сатыдағы білім берудің мақсаты – адамның тұлғалық әлеуетін «тәрбиелеу», пәндік және әлеуметтік жағдайларда дұрыс әрекет ете алу қабілетін қалыптастыру, ал мазмұны – осы мақсатқа жетудің барлық жолы» деген пікірі орынды әрі өзекті. (Verbickaia, 1991: 24). Жалпы, қазақ тілін оқытудың ыңғайы мен әдісін таңдау тіл үйренушінің түпкілікті мақсатымен байланысты.

Ғылым мен техниканың дамуының қазіргі сатысында қазақ тілін шет тілі ретінде оқытудың коммуникативтік ыңғайы және оған сай әдіс-тәсілдер қолайлы әрі тиімді деп ойлаймыз. Өйткені бұл ыңғай тілді аз уақытта күнделікті қарым-қатынасқа бейімдеп үйретуді мақсат тұтады. Қазіргі мобильділік пен көп ақпарат заманында тілді тез меңгеріп, тез коммуникацияға түсу көп қажеттіліктерді өтей алады. Бұл тұлғаның бәсекеге қабілеттілігін аз уақыт ішінде ширатуға жағдай жасайды.

Әдебиеттер

- Қазақстанның Ел Бірлігі Доктринасы // https://www.inform.kz/kz/kazakstannyn-el-birligi-doktrinas_y_a2263392
- Қазақстан Республикасында тілдерді дамыту мен қолданудың 2011-2020 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы туралы // <http://adilet.zan.kz/kaz/docs/U1100000110>
- Дәулетбекова Ж.Т. Жаһандану және білім: қазақ тілін оқытудың жаңа бағыттары // Абай атындағы ҚазҰПУ хабаршысы. Филология ғылымдары сериясы. – 2016. – №1 (55). – Б. 20-23.
- Yeshimbetova Z.B. Information technologies in teaching a foreign language // Абай атындағы ҚазҰПУ хабаршысы. Филология ғылымдары сериясы. – 2017. – №3 (61). – Р. 220-224.
- Алиярова Л.М., Халенова А.Р., Махажанова Л.М. Современные методики преподавания английского языка в высших учебных заведениях // Вестник КазНПУ им. Абая. Филологические науки. – 2015. – №3 (53). – С. 211-216.
- Домашнев А.И. и др. Методика преподавания английского языка в педагогическом вузе. – М., 1983. – 240 с.
- Богомолов А.Н. Научно-методическая разработка виртуальной языковой среды дистанционного обучения иностранному (русскому языку): Автореф. дис. ... д-ра. пед. наук. – М., 2008. – 45 с.

Тамбовкина Т.Ю. Тандем-метод – один из путей реализации личностно-ориентированного подхода в языковом образовании // *Иностр. яз. в школе.* – 2003. – № 5. – С. 13-17.

Бабинская П.К., Леонтьева Т.П., Андреасян И.М. и др. Практический курс методики преподавания иностранных языков. – Мн.: ТетраСистемс, 2005. – 288 с.

Мизанбаева Г.Ш., Жүнісова М.Қ. Қазақ тілін жаңаша оқыту технологиялары // <https://articlekz.com/kk/article/16229>

Вербицкая А.А. Активное обучение в высшей школе: контекстный подход. –М.: Высшая школа, 1991. – 204 с.

References

Aliarova L.M., Khalenova A.R., Makhazkanova L.M. (2015). Sovremennye metody prepodavania angliiskogo iazyka v vysshikh uchebnykh zavedeniakh [Modern methods of teaching English in higher education]. *Vestnik KazNPU im. Abaia. Filologicheskie nauki.* №3 (53). S. 211-216 (in Russian)

Babinskaia P.K., Leonteva T.P., Andreasian I.M. i dr. (2005). Prakticheski kurs metodiki prepodavania inostrannykh iazykov [Practical course of teaching foreign languages]. Mn.: TetraSistems, 288 s. (in Russian)

Bogomolov A.N. (2008). Nauchno-metodicheskaia razrabotka virtualnoi iazykovoï sredy distantsionogo obucheniia inostrannomu (russkomu iazyku) [Scientific and methodological development of a virtual language environment for distance learning foreign (Russian)]. Avtoref. dis. ... d-ra. ped. nauk. M, 45 s. (in Russian)

Verbickaia A. A. (1991). Aktivnoe obuchenie v vysshei shkole: kontekstnyi podkhod [Active Higher School Education: A Contextual Approach]. M.: Vysshaia shkola, 204 s. (in Russian)

Dauletbekova Zh.T. (2016). Zhakhandanu zhane bilim: Kazakh tilin okytudyn zhana bagyttary [Globalization and Education: New Directions for Teaching Kazakh]. Abai atyndagy KazUPU khabarshysy. *Filologia gylymdary seriasy.* №1 (55). B. 20-23 (in Kazakh)

Domashnev A.I. i dr. (1983). Metodika prepodavania angliiskogo iazyka v pedagogicheskom vuze [Methods of teaching English in a pedagogical university]. M., 240 s. (in Russian)

Yeshimbetova Z.B. (2017). Information technologies in teaching a foreign language // Abai atyndagy KazUPU khabarshysy. *Filologia gylymdary seriasy.* №3 (61). P. 220-224 (in English)

Kazakhstannyn el birligi doktrinasy (2010) [Country Doctrine of Kazakhstan] // https://www.inform.kz/kz/kazakstannyn-el-birligi-doktrinasy_a2263392

Kazakhstan Respublikasynda tilderdi damyту men koldanudyn 2011-2020 zhyldarga arналган мемлекеттік бағдарламасы (2011) [State program of development and functioning of languages in the Republic of Kazakhstan for 2011-2020] // <http://adilet.zan.kz/kaz/docs/U1100000110>

Mizanbaieva G.Sh., Zhunisova M.K. (2014) Kazakh tilin zhanasha okyту technologialary [New teaching technologies of the Kazakh language] // <https://articlekz.com/kk/article/16229>

Tambovkina T.I. (2003). Tandem-metod – odin iz putei realizacii lichnostno-orientirovannogo podkhoda v iazykovom obrazovanii [Tandem method is one of the ways to implement a person-centered approach in language education.] // *Inostr. iaz. v shkole.* № 5. S. 13-17.